

«Алпамыс» бөбекжай бақшасы КМҚК

“Жомарт Күз”

ертеңгілік

Тәрбиеші: Таңқыбаева М

Құлбарақова А

Тобы: «Талантты бөбек» ортаңғы топ

2025-2026 оқу жылы

«Жомарт күз!» атты ертеңгілік

Мақсаты: Балаларға жыл мезгілдерінің айырмашылығы барын түсіндіру Олардың әрқайысы өз қызығымен ерекше. Күз айларының халыққа молшылық әкелетінін қуаныш сыйлайтынын жеткізу. Табиғатты сүюге тәрбиелеу. Өнерге қызығушылықтарын дамыту, сөздік қорларын байыту.

Залда әуен қосылып тұрады. Саңырауқұлақтар ағаш етегінде отыр, жапырақтар жерде, жемістер биі балалары залға музыкамен жүгіріп кіреді. Музыка қосылып ортада Би «Жапырақтар» (Айдай К.Медина Айкөркем Аяна С.Айша Б.Айша Б.Медина Айлин Шамшырақ)

Д.Айлин

Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз.
Жиып - теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.

Айкөркем

Көбейді құт –береке
Астық толы қоймамыз.
Құтты болсын мереке,
«Алтын күзді» тойлаймыз.



Жүргізуші: Келді міне алтын күз,
Сары шашты жарқын жүз.
Мол өнімді ісімен,
Таңдандырып халқын күз.

Сәлеметсіздер ме, қадірлі қонақтар! Бүгінгі «Талантты бөбек» ортаңғы тобының дайындаған «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Сіздерге әрқашан осы күз мезгіліндегідей молшылық тілейміз!

Хор «Күз келгенде»



Жүргізуші: Жарайсындар, балалар! Балалар, тыңдандаршы, бұл не шу? (Осы кезде әдемі әуенмен Күз ханшайымы келеді.



Күз ханшайымы: Сәлеметсіздер ме балалар!

Балалар: Сәлеметсіз бе!

Күз ханшайымы: Мен –Күз ханшайымымын, сіздерді көргеніме қуаныштымын.Қарандаршы айнала туске боялды.ағаштар алтын жапырақтарын төгіп тұр.

Жүргізуші: Қош келдің. Күз ханшайымы, мына сыйлықтар кімге?

Күз ханшайымы: Бұл сыйлықтар әдепті өнерлі балаларға. Балалар оны еңбекпен алулары керек.

Жүргізуші:Әрине біздің балалардың өнері көп,солайма балалар

Балалар я

Жүргізуші:Бүгін біздің балалар күз туралы әдемі өлеңдерін айтып өз өнерлерін көрсетпек.

1. Әмірхан

Күздің қазан айында,

Алма, алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

Сыбдыр - сыбдыр түседі.

2. К.Медина

Күзім-ау, күзім-ау,

Мінезің бұзық – ау

Жаңбырың сіркіреп,

Келгенің қызық – ау

3. Айдай

Келді міне күз,

Айнала сары түс.

Керемет, тамаша,

Қандай әсем күз.

4 С.Айша

Алтын,сары,қызыл көк

Алуан алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартарды атырап

5. Б.Айша

Күз келді, күн салқын,

Жапырақ түсті алтындай.

Алма, алмұрт пісті де,

Бақша толды тәттіге.



Күз ханшайымы: Тамаша балалар. Балалар айтыңдаршы, жемістер қайда өседі? (Бақта) Көкөністер қайда өседі?(бақшада) Жарайсыңдар!

Ойын: «Көкөністер мен жемістерді ажырат»

Ойынның шарты. Балалар екі топқа бөлініп, қыздар жемістерді, ұлдар көкөністерді жинайды.



Жүргізуші: Жақсы! Жарайсыңдар! Ал енді күздің сәнін жемістердің биін тамашалайық.

Би: «Жемістер» (Нурхан, О.Айлин Ханшайым Ахмет Хамза Нурислам Айсултан Көркем)



Жүргізуші: Күз ханшайымы, балалардың өнері ұнады ма?

Күз ханшайымы: Иә балалардың барлығы өнерлі екен

Айсұлтан

Сап - сары маңай,

Сап - сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Б.Медина

Ән салыңдар күліңдер

Жайнап гүлдей жүріңдер.

Күздің тойын тойлайық

Би билейік, ойнайық.

Байқазақ
Алақай! Алақай!
Шаттанды балақай!
Күз түсті, дән пісті.
Айтамыз алғысты.

Нұрхан
Көрініп еліме
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.

Сұлтан
Жапырақ ұшты
Суықта түсті
Сонда да бізге
Қызық көп күзде



Күз ханшайымы: Қандай керемет тамаша
Жүргізуші.Рахмет, Күз ханшайымы! Балалардың өнері әлі таусылған жоқ. Ал,енді кезекті біздің
батыл жігерлі жігіттерімізге береміз. Қошеметпен қарсы алайық біздің әдемі жігіттердің биін.

Жүргізуші Би: «Саңырауқұлақтар»

Күз келді жерге нұр сепкен
Жаңбыр да жауды сылдырлап
Тыңдайық бәріміз бірге енді
Кап кап әні шырқалмақ



Хор Кап кап



Күз ханшайымы: Рахмет, балалар! Міне, меңін сыйлығым бір себет күз сыйы.

Жүргізуші: Күз ханшайымы, саған мың алғыс. Бүгінгі сыйлығына рахмет. Бізге жыл айналып тағы келіңіз, біз сізді сағына күтеміз. Балалар, күз сыйлығын топқа барғасын бөлісеміз.



Осы кезде әуен ойналып Күз ханшайымы қоштасып, шығып кетеді.

Жүргізуші: Күздің кереметі, байлығы өте көп. Біздің дастарханымыз дәнді дақылдарға, көкөністерге, жеміс-жидектерге толы болады, бірақ осы байлыққа жету үшін, көп еңбек ету керек. Сондықтан сіздер еңбекшіл, болуларыңыз қажет. Бүгінгі күз мерекесін жақсы тойладық. Әр отбасына бақ, береке әкелсін! Осымен «Берекелі алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды, сау болыңыздар!

